



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

Список использованных источников

1. Л.Н.Гумилев Древние тюрки. Москва, 1967. –С.6.
2. Л.Н.Гумилев Хунны в Китае. Москва, 1974. – С. 23.
3. Л.Н.Гумилев Этногенез и биосфера земли. Москва, 2005. – С.7.
4. Там же. С. 34.

ӘОЖ 911.375

ЖАЙЫҚ ӨЗЕНІ АТЫРАУЫНЫҢ ТАРИХИ ҚАЛЫПТАСУЫ

Кабиев Ерлан Сырымович

yerlanustaz@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің докторанты

Ғылыми жетекші – М.Н. Мусабаева

Жайық өзенінің төменгі ағысында, Каспий маңы ойпатында шөлейтті климат жағдайында жақсы сақталған өзеннің ерекше қызықты ежелгі атырауы мен өзен салаларын суреттен анық көруге болады. (1-сурет). Бұл атырау кейінгі мұз басуда Каспий теңізінің жағалау сызығының шегініп тоқтауы кезеңдерінде қалыптасқан; бұдан Каспий теңізінің трансгрессиясының сатыларын анықтауға болады (М. М. Жуков, 1939, 1945).

Соңғы вюрм мұздықтарының еруі хвалынды өзгеруге, яғни Каспий маңы ойпатында шөгінділердің ендік бағытта таралуына және жер қыртысының біркелкі толықтай топырақ жабындысымен бүркелуіне алып келді [1].



Сурет. 1. Жайық өзені атырауының ерте кезеңдегі таралуы (М.М. Жуков бойынша)

1- Күшүмдік; 2- Богардайлық; 3- Новобогаттық

Мұз басу кезінен кейін ұзақ үзілістер жасай отырып теңіз шегінді, оның жағалық сызығы шамамен бір қалыпта қалды. Осы кезеңдерде, біздің заманымызда ойпаттың солтүстігінде 12 м және қазіргі өзен сағасына жақын жерде 4-6 м.-ге дейін жеткен Жайық өзенінің төменгі аңғарының тармақтары мен ескі өзен атырауының қалыптасуы жүрді.

Атырауда өзеннің негізгі сағасынан басқа мынадай салалары болды: Нарын, Бақсай, Қара өзек, Соколок [2].



Сурет 2. 1772 – 1945 жылдардағы Жайық өзені атырауындағы өзгерістері

Өзен суының бір бөлігі Күшүм саласы арқылы Камыш-Самарск суайрығына дейін және одан әрі Волго – Ахтубо алқабына дейін ақты. Жайық өзенінің су қоры сол кезде айтарлықтай азайды, дегенмен қазіргіге қарағанда көп болатын. Күшүм саласынан 150 км.-дей алқапты жазыққа сіңіп жоғалып, су шығынының артуы себебінен Богардай саласы құрғап қалды. Осыдан бірнеше жүз жыл бұрын өзен атырауы Сарындық трансгрессия кезінде Каспий теңізінің көтерілуінен 2-4 метр су астында қалған қазіргі Атырау қаласы аумағында қалыптаса бастады. Сарын кезеңінің шөгінділері Атырау қаласының жоғарғы шегіне дейін жетеді. Осы соңғы трансгрессияда судың төмендеуі мен Каспий теңізі суы деңгейінің барынша ақырын түсуі және XIX ғасырдағы өзен атырауының қалыптасуы 1825 – 1930 жылдарға сәйкес келеді. Елеулі өзгерістер 1927-1945 жылдары орын алған. (2-сурет).

Өзен атырауының соңғы 200 жылдағы қалыптасу тарихы (П. С. Паллас, 1809; И. Г. Карелин. 1832; Н. Я. Данилевский и И.М. Семенов, 1855; В. П. Андросова. 1936; Н. Г. Краснова, 1937). жазбаларында жақсы көрсетілген [3-4].

Бұл жазбалар мен өзен атырауының картасы (1927 жыл) XVIII ғасырда теңіз деңгейінің соңғы көтерілуіне дейін Жайық өзені атырауы қазіргі бейнесінен көп айырма жасағанын көрсетеді. Жағаға жақын өзеннің аңғарының шапшаң бұрылуы шығанақ бетінің

ерекшелігін білдіреді.

Атыраудың негізгі салалары бұл шығанақты тереңдігі 2 метрден асатын мынадай ирімдерге бөлді: Плотовой, Стрелецкий, Яицкий, Белый. Мүмкін бұндай тереңдіктерде Карелин көрсеткендей жағалық қайыршақты үйінділерді қалыптастырған биіктігі соған сай келетін толқындар болуы мүмкін. Бұл атырауды су басу кезінде бұрынғы салалары толқындардың әсерінен бұзылып аз мүжілген жалпақтау терең бөліктері ғана қалды. Аласару себебінен оларға атыраудың қазіргі салалары қосылды. Бұлардан соң өзен суы шөгінділерді теңіз аузына дейін көптеп тасып әкелуінің әсерінен атыраудың дөңгелектенген формасы қалыптаса бастады. Бұрын ескі шығанақтың болғандығын бұрғылану деректерінен (М. М. Жуков, 1945) және Жайық өзені аңғарына жақын орналасқан өте терең төрттік шөгінділер төсенішінен байқауға болады. Сондықтан қазіргі «Қара өзек» және «Соколок» тұзды және көп депрессияға ұшыраған аймақ болып табылады.

Қазіргі атыраудың қалай қалыптасқанын, бұрынғыдан айырмашылығын білу үшін оның гидрогеологиялық режиміне талдаулар жасалынды.

Жазғы уақыттарды мұнда жел оңтүстік – шығыстан соғады, тек маусым – шілдеде оңтүстік – батысқа ауысады. Жаздық бриздар анық байқалады. Тәуліктік орташа желдің жылдамдығы Пешной аралында 6,5 м/сек.-ке ал Атырау қаласында 5,0 м/сек.-ке шейін азаяды; бірақ сағат түскі 13:00 де желдің жылдамдығы екі жақта да 6,5 м/сек.қа теңеседі. Жайық өзенінің су қоры өте көп ауытқушылық жасайды. Соңғы онжылдықта ол төмендеп, Атырау қаласы аумағында су қоры жылына 11,0 км³ болды.

Барлық көктем-жаз айларында жайық өзені суы лайланады, орташа нақты су қоры 3,3 млн. тонна болады. Жайық өзенінде жоғары лайлылық 300 г/м³, төменгі ағысы бойлай жасыл-сары түсті, түрі ерекше. (А. Л. Бенинг, 1928). Балшықты тік жыраларда, әсіресе өзеннің оң жағалауында су деңгейінің ауытқуы аймағында топырақты қопсытушы құрттардың іздері астасып жатыр: жағалау баурайында 10 см² аумақта диаметрі 0,7 см, тереңдігі 10 – 20 см. болатын бұндай іздердің 10-ы кездеседі. Қопсытылған бос кеуекті саз оңай ылғалданады және ағынмен шайылып кетеді. Су ағынына тап болған топырақ оңай ыдырайды және сұр-жасыл өзен тұнбасын қалыптастырады.

Өзеннің орташа беткей құламасы судың 400 км төменгі ағысында да, атырауында да 0,03%, ал орта жағында 0,080%-ге дейін жетеді. Беткейдің өзгеру үйінділердің жиналу құбылысына байланысты өзгереді.

Теңіз жағалауы үйінділері кейде бір метрден астам болады. Олар Атырау қаласына қарай 2-4 есе кішірейіп, Атырау қаласынан 150 км жоғары Баксай поселкісі маңында (1930 жылға дейін) еңкіштеніп, олар атыраудың ескі құрғап қалған Нарын мен Баксай салаларында теңізден су ағынын қалыптастырды.

Атырау қаласынан 11 км төменірек Жайық өзені кішілеу Перетаска саласын солға бөлектеп, екіге оң жақ (Яйцк) және ал сол жақ (Золото) саласына ажыратады. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында жағалау шөгінділерінің батыста аздап оңтүстік-шығысында көптеп толқып көшуі атыраудың екі жағында шығанақтың біртіндеп таяздануына әкеліп соқты. Оның салаларының желісі бір уақытта дамыды. Каспий теңізі деңгейінің төмендеуінен (1930 жылдардан кейін) бұл атырау желісінің қайтадан шұғыл қалыптасуы басталды.

1949 жылы оң жақ және сол жақ салалары қосылды; оң жақ саласы өз ағысын сақтады, ал қалған кішігірім салалары «құс алақаны» тәрізденіп тұйыққа тірелді. Тиісінше су ағысының 85 % - ы оң жақ саласы арқылы, 15% - ы сол жақ саласы арқылы ақты. Бұл сол жақ саласында шөгінділердің ығысулардың артуына әкеліп, су шығынын көбейтті, ал осы себепті атыраудың басқа желілерінде шөгінділер ығысуының көлемі азайды. Атыраудың салаларының теңізге құйылуы биік жерлеріне қамысты аралдар өсетін су астының иірімдерін қалыптасырды. Белгілі болғандай (В. П. Андросова, 1936), су асты иірімдерін туғызатын ағыстың оң жағы қамыстың көп өсуіне ыңғайлы биіктеп болып келеді. Бұл шығыстан келетін қатты толқынның ықпалы саланың тереңдеу жерлері арқылы оң жақ бұрымға келіп, енді өсіп келе жатырған қамыстарды құммен басып, иірімнің сол жағы арқылы қарсы толқындардың

әсерінен таязданған жерге дейін жалғаса беретінін түсіндіреді.

Орташа жылдық температура 8° және орташа жылдық жауын-шашын 150 мм болатын шөлейттік климат жағдайында қалыптасқан қазіргі атыраудың топырақ-өсімдік жамылғысы өзен атырау жазығына ішкерілей жартылай жалпақ су өсімдіктері түрлерінен шөлді-далалық ксерофитті бірлестіктер өсімдіктер түріне ауысады.

Суға жиі толатын атыраудың теңіздік жағы мускат жаңғағы (чакан) араласа тығыз өскен қамыстарға (биіктігі 4,5 метр) толы. Теңізден 6 – 8 км алыстағы сайын қамыстар азайып жоғалады, тек жағалау бойында және кеуіп кеткен көлдердің шұңқырлы орындарында аздап көрінеді; ірі өзен салаларының арнасы маңында (ива) тал өседі. Аумақ кедір-бұдырлы судың орындары сақталған тегіс жазық түрге енеді. Арналардың арасындағы суайрық беткі жерлер салыстырмалы түрде шамамен 0,5 м-ге биік, сирек кездесетін қылқан жапырақты сарсазанды өсімдік түрлерімен жабылған. Қара топырақты биік жерлердің тұздылығы аз, ал суайрық беткейдің топырағы хлорлы тұзды. Теңізден алыстаған сайын яғни атыраудың ескі орындарында бұл кешен неғұрлым аз дифференциаланады, себебі биіктеген сайын тұздылық азая береді, ал төмендеген сайын тұздылық көбейе береді; сондай-ақ микрорельефке байланысты бұндай өзгерістер грунт суларында да болады. Теңізден алыстаған сайын грунт сулары біртіндеп жер бетінен алыстап терендей береді. Ол жер бедеріне сай өзгеріп отыратын өзіндік рельефке ие. Грунт суларының минералдығы атыраудың суайрық беткі шегіне қарай аздап азаяды, ал төмендеген сайын көбейеді. Сондықтан Cl/SO_4 аздап азаяды, ал Ca/Mg тез артады, әсіресе рельефтің аздап көтеріңкі жерлеріндегі суларда. Осы сияқты теңіздік тұзданудан алыстаған сайын және көктемгі су тасуда атыраудың шегінде топырақтың құрамында тұздың көбеюінен топырақтағы Ca/Mg карбонаттары көбейеді. Су тасқыны болмаған бұрынғы атыраудың жазықтығы биік, тегіс, тақыр, тұздылықтың әсерінен жылтыр болып келеді; кейбір кішкене ойыстарда (1-5 м диаметрмен) тығыз өскен «чорак» (*Suaeda*) пен сорандар (*Salicornia*), ал бұрынғы салалардың орны болған тегіс кезбе ойыстарда «чорак» пен «лебед» (*Atriplex*) өскен.

Бұрынғы атыраудың топырағының тұздылығы су шайылудың әсерінен азайып, бұндай топырақта егін егуден көп өнім алынған. Кейбір әдебиеттерде келтірілгендей Атырау қаласында жүзім мен шабдалы, қауын өсіру сол замандардан бері болған [4].



Сурет 3. Жайық өзені атырауының қазіргі көрінісі

Қазіргі Жайық өзені атырауының геожүйесінің қорғалу аумағына Атырау қаласына қарасты елді – мекендер (пос. Дамба, Пешной, Курмангазы, Жанаталап, Еркинкала, Алгабас т.б.), солтүстік-батыс жағына 510 42 ϕ ш.б. Махамбет ауданының жері кіреді. Өзен атырауы аумағының үштен бірін құрлық, қалғанын аквальды және теңізге өтпелі аймақтар алып жатыр. Жайық өзені атырау аумағы теңіз деңгейінен -27 метр, құрлықта -23 метр, теңізде -29 метр төменде жатыр. Жалпы аумақтың орташа ендігі 43 км, ауданы 2 751,6 км². (3-сурет)

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Самойлов И.В. Устья рек. – М.: Географгиз. 1952 г.
2. Бурлибаев М.Ж., Курочкин Л.Я., Кашеев В.А. Глобально значимые водно-болотные угодья Казахстана (Дельта реки Урал и прилегающее побережье Каспийского моря). – Астана, 2007. – 264 с.
3. Н.А.Скриптунов, О.К.Тленбеков Устьевая область Урала. Каспийское море. // Гидрология и гидрохимия. Москва, 1986. С.71 – 76
4. А. А. Турсунов. Озера Казахстана // Вопросы географии и экологии. – Алматы, 2014. – №1. – С. 76-79.

УДК 911.3:32

ГЕОГРАФИЯ ПОДДЕРЖКИ ПОЛИТИЧЕСКИХ ПАРТИЙ УКРАИНЫ В ПРЕДЕЛАХ ЗАРУБЕЖНОГО ИЗБИРАТЕЛЬНОГО ОКРУГА

Козак Тарас Игоревич

anfurtk@gmail.com

Аспирант кафедры географии Украины

Львовский национальный университет имени Ивана Франко, Львов, Украина

Научный руководитель – М. С. Днистрянский

В последние годы в украинской общественно-географической литературе появилось немало публикаций о политической и геополитической тематике. Теоретические основы, отдельные аспекты этой проблематики в контексте украинского вопроса отражены в научных трудах Ю. Брайчевского [2], М. Днистрянского [1], В. Стафийчука [2], Б. Яценко [2]. В то же время малоисследованными остаются территориальные особенности выборов к основным представительным органам государственной власти Украины (президент, парламент) в различных странах и регионах мира.

Актуальность такого изучения обусловлена современными геополитическими вызовами (в том числе нарушением территориальной целостности Украины). Они определили дисбаланс украинской партийно-политической среды, обусловили проявления регионального сепаратизма, этнополитических конфликтов, социально-экономическую поляризацию между центром-периферией. Прослеживается тенденция к уменьшению партийной влиятельности, поэтому растет процент электоральной пассивности избирателей. Итак, политические партии как базовые институты не выполняют регулятивной функции в территориальной организации общества и не способствуют уравниванию политического пространства.

Еще одним недостатком является то, что политические силы не учитывают запросов экономически активного населения – мигрантов (часто трудовых, высокообразованных избирателей), которые находятся за пределами Украины, а это достаточно весомый избирательный ресурс. Внешняя миграция в украинских реалиях активизируется учитывая затяжную социально-экономическую и общественно-политическую нестабильность. Наиболее многочисленные миграционные потоки направлены из западного региона Украины (Закарпатская, Черновицкая, Львовская, Тернопольская, Хмельницкая, Волынская, Ровенская, Ивано-Франковская область) в страны Европы. После начала русско-украинской войны возросла доля лиц, выезжающих с юго-восточного и центрального региона Украины (Черкасская, Винницкая, Николаевская область), в основном к бывшим постсоветским странам, Прибалтике. Основными регионами «притяжения» для украинцев в мире есть Польша, Чехия, Германия, Италия, Испания, Португалия, Израиль, Российская Федерация. По разным данным, за границей находится около 5-7 млн украинских граждан (14,5%), однако в выборах участвует лишь незначительная их часть (легальные мигранты). Например, в Республике Польша фактически находится более 450 000 человек, а по данным статистики только 20 000, в Италии находится около 500 000 граждан Украины, хотя по официальным